

Шет елдердің салық жүйесінің ерекшеліктері

Сламбек Дана

Қаржы 12,702

Жоспары :

- 1 Салықтардың экономикалық мәні мен қызметтері
- 2 Дамыған елдердің салық жүйесі
- 3 Жапонияның салық салу ерекшеліктері
- 4 Германияның салық салу ерекшеліктері
- 6 Францияның салық салу ерекшеліктері
- Қорытынды
- Әдебиеттер тізімі

Салықтың экономикалық мәні мен түрлері

- Салық – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Салықтар – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық санат. Сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекет үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді. «Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оның құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, салық службасы органдарының жиынтығы әдетте мемлекеттің салық жүйесін құрайды. Салықтардың, оларды төлеушілердің, салықтарды алу әдістерінің, салық жеңілдіктерінің жиынтығының болатындығынан салық жүйелерінің әжептәуір күрделі үлгілері болуы мүмкін.

**Дүниежүзілік тәжірибе бойынша
салықтардың бірнеше қызметтері бар :**

- Фискалдық функция**
- Бөлу функциясы**
- Реттеушілік функциясы**
- Бақылау функциясы**
- Қолдау және мадақтау
функциясы**

- Бөлу қызметі – салықтардың көмегімен мемлекеттің қоғамдық табысты халықтың әртүрлі топтардың арасында бөлінуін айтамыз.
- **Реттеушілік қызметі** – салықтың ең негізгі қызметі. Осы қызмет арқылы салықтар ел экономикасына өз ықпалын тигізеді, яғни салықтар реттеу жүзеге асырылады.
- Фискалдық қызмет - (функциясы) арқылы мемлекеттік бюджеттік кіріс бөлімі құрылып, салықтардың қоғамдық міндеті артады.

Дамыған елдердің салық жүйесі

- Дамыған елдердің салық жүйесі, нарықтық экономикаға тәуелді. Оған тікелей салықтар: заңи тұлғалардың табыс (пайда) салығы, жеке тұлғалардың табыс салығы (өзіндік табыс салығы), капиталдан пайыз түрінде алынатын табысқа салынатын салық, меншік (мүлік) салығы; жанама салықтар: акциздер, ІІС, сатудан төленетін салық, кеден бажы, мәміле салығы жатады. Әлеуметтік сақтандыру қорларына төленетін жарналар, мақсатты салықтар не бюджет жүйесіне (АҚШ), не дербес әлеуметтік сақтандыру қорларына (Ұлыбританияда Ұлттық сақтандыру қорына, ГФР-де Әлеуметтік сақтандыру қорына) түседі. Салықтар мен әлеуметтік сақтандыру қорларына төленетін жарналар мемлекеттік кірістің негізгі үлесін құрайды (мыс., Ұлыбританияда 98%).

Жапонияның салық салу ерекшеліктері

- Жапонияда мемлекеттік және жергілікті салықтар әрекет етеді . Мұндағы салық үсімдерінің 64 % -ы мемлекеттік салықтар , ал қалған бөлігін жергілікті салықтар құрайды. Салық құралдарының едәуір бөлігі Жапонияның мемлекеттік бюджетіне мемлекеттік салықтарын жергілікті бюджетке аудару арқылы қайта бөлініске түседі .

Германияның салық салу ерекшеліктері

- Германияның салық түрлерінің негізгілері : жеке тұлғалар табысына салық салу , табыс салығы , мүлік салығы , жер салығы , акция . Бұл мемлекетте ірі салық көздері 2 немесе 3 бюджетті құрайды . Мемлекеттің негізгі көзі болып табылатын жеке тұлғалар табысына салық салу келесі тәртіппен бөлінеді : 42,5 % -ы сәйкес жердің бюджетіне , : 42,5 % -ы федералды бюджетке , 15 % -ы жергілікті бюджетке түседі.

Францияның салық салу ерекшеліктері

Францияның салықтарын үлкен 3 топқа бөлуге болады :

- 1) табыс салықтары (табыс алынатын мезетте салынатын салық түрлері)
- 2) тұтынуға салықтар (табыс жаратылу бойында салынатын салық түрлері)
- 3) капиталға салық (меншіктен алынатын салық түрлері)

Франция мемлекет бюджетіндегі үлес салмағы – 18 %. Бұл табыс салығының ішінде жеке табыс салығы ерекше орында .

Қорытынды :

- Салық жүйесін мемлекет пен жеке және заңды тұлғалар арасындағы қаржы қатынастары және осы қатынасты анықтайтын салықтар , салық механизмі , яғни салық салу әдіс тәсілдері, жолдары, заңдары , салық қызмет органдарының жиынтығын құрайды. Сонымен, қорыта айтқанда ұсынып отырған осы бағыттарды қаржы және салық саясатын жетілдіруде мақсатты түрде жүзеге асыру үшін, қаржы ағынында мемлекеттің реттеуші және бақылаушы рөлін дамыту керек деп ойлаймын. Бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін нығайтуды қамтамасыз етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Ілиясов Н.Қ., Құлпыбаев С. “Қаржы”- Алматы: 2005, 208-211 бб.
- Шеденов Ө.Қ., Байжомартов Ө.С., Комягин Б.И. „Жалпы экономикалық теория”,- Оқулық. Алматы: 2002, 17-21 бб.
- Ілиясов Н.Қ., Нұрлыбаев С. „Қаржы” Алматы 2005 ж.
- Мамыров Н.Қ., Тлеужанова М.Ә. „Макроэкономика”,- Оқулық Алматы: Экономика, 2003, 392-395 бб.
„Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер” туралы Қазақстан Республикасының Салық Кодексі,- Алматы: 2004, 13-17 бб.

Назарларыңызға рахмет !!!

